Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№02 (77), ақпан-наурыз, 2016 жыл

*«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ: баспасөз қызметі хабарлайды*

# Үздіктер Астанада бас қосты



Суретте: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ слесарь-жөндеушісі Шыңғыс Әбдіровті марапаттауда

25 ақпан күні «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев жыл сайын өтетін «Өз мамандығының үздігі» байқауының өткен жылғы жеңімпаздарымен кездесті. Бұл шараға біздің әріптесіміз, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ слесарь-жөндеушісі компания жас мамандар Кеңесінің төрағасы Шыңғыс Әбдіров те қатысып, марапатқа ие болды.

2015 жылы байқауда «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының 16 компаниясының қызметкерлері өздерінің кәсіби біліктіліктері бойынша сынға түскен болатын. Олардың қатарында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мен оның еншілес кәсіпорындары, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС, «KMG-Securiti» ЖШС, «Ақтаумұнайсервис» АҚ және басқалары бар.

Байқау барысында оператор, электромонтер, слесарь және дәнекерлеуші сынды оннан астам мамандықтар бойынша үздіктер анықталды. Қатысушылар өздерінің күнделікті атқарып жүрген жұмыстарын теориялық және тәжірибелік жағынан көрсетуге мүмкіндік алды. Жеңімпаздарды анықтаудағы басты өлшем ретінде олардың кәсіби машығы, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен қауіпсіздік техникасын сақтауы назарға алынды.

Ынталандыру ретінде жеңімпаздарға медальдар мен мақтау қағаздары, сондай-ақ еңбекақыға үстеме ретінде қаржылай сыйақы берілді.

Байқауға қатысушыларды құттықтаған Сауат Мыңбаев қазіргі әлемдік дағдарысқа байланысты мұнай бағасының тұрақсыздығына қарамастан еңбекақы индексациясының тұрақты түрде жүргізілетінін, жұмыскерлерге әлеуметтік қолдаудың қазіргі деңгейі де сақталғанын тілге тиек етті.

– Бұл ҚМГ компаниялар тобының бизнес-бағыттары бойынша оң нәтижелерге қол жеткізуінің арқасында мүмкін болып отыр. Аталған заңды нәтиже – әкімшіліктің, жұмыскерлер мен кәсіподақтардың жұмыла жұмыс істегенінің айқын көрсеткіші. Сіздерге, «ҚазМұнайГаз» компаниясының өндірістік ұжымына адал еңбектеріңіз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер,– деді Басқарма төрағасы кездесуге келген қатысушыларға.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін байқау еңбеккерлердің кәсіби біліктіліктерін шыңдауға көмектеседі. Мамандыққа қатысты түрлі құпияларды біліп, өзара тәжірибе алмасу арқылы жас кәсіби мамандар өндірістің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, біліктіліктерін жетілдіреді, өз кәсіпорындарының ұжымдарына жаңа идеялар мен ұсыныстар енгізеді.




# МҰНАЙШЫЛАР САЙЛАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

100 нақты қадам



**Өндірісі өрге домалаған өлкемізде өрлеуді бетке алған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көтеруге бағытталған бастамаларды қолдап келеді. Ақпан айында ірі өндірістік компанияның бас кеңсесіне жиналған облыстық мәслихат хатшысы Б.Жүсіпов, мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Ережепов, акционерлік қоғамның бас директоры Б. Иманбаев, еңбек ұжымы мен ардагер мұнайшылар Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласын талқылап, саяси науқанға үн қосты.**

Жиында алдымен Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Назарбаевтың төрағалығымен өткен партияның кезектен тыс XVII съезіне қатысып келген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Б.Иманбаев сөз сөйледі.

- Еліміздің түкпір-түкпірінен екі мыңнан аса делегат қатысқан алқалы жиында Елбасы өз баяндамасында елді дамытудың негізгі мәселелеріне тоқталып, «Нұр Отан» партиясының алдына жаңа сайлауалды бағдарламаға қатысты бірқатар нақты міндет қойды. Мемлекет басшысы өткен жылы жүзеге асырыла бастаған бес институционалдық реформаны заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін 59 жаңа заң қабылданғанын айтты. Бүгінде барлық мемлекеттік органдардың белсенді жұмыс жүргізуінің нақты нәтижесі бар екенін атап өтті. «Қазақстан-2021» Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты жаңа сайлауалды бағдарлама қабылданды. Бағдарлама қабылданғаннан кейін 20 наурызда өтетін ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлауына үміткерлердің партиялық тізімі бекітілді. Біздің ұжым мемлекетіміздің даму бағытын айқындайтын «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласын, «100 нақты қадамды» басшылыққа ала отырып, еліміздің дамуы жолында бірлесе еңбек ететініне сенімдімін. Еліміз үшін маңызы зор саяси науқанға мұнайшылар да біркісідей атсалысады,-деді Бақыт Алтайұлы.

Еліміздегі саяси-экономикалық ахуалды бағамдаған облыстық мәслихат хатшысы Бекмұрат Жүсіпов Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті деңгейдегі мәслихат депуттаттарын сайлау науқанында мұнайшылар еліміздің болашағы үшін жұдырықтай жұмыла дұрыс таңдау жасайтынына сенімділік білдірді. Мемлекет және қоғам қайраткері Қайролла Ережепов саяси науқан елімізді жаһандық дағдарыстан алып шығуға, уақыт сынынан сүрінбей өтуге септігін тигізетінін атап өтті. Ардагер мұнайшылар атынан сөз алған Өрен Сағындықов, акционерлік қоғам жанынан құрылған Жас мамандар кеңесінің төрағасы Шыңғыс Әбдіров «Ұлт жоспары- қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласындағы басым бағыттарға тоқталып, жиналғандарды көктемде өтетін сайлауға белсене қатысуға шақырды.

*Ішкі коммуникация*

# КӘСІПШІЛІКТЕГІ КЕЗДЕСУ

Компанияның ішкі коммуникациялар туралы Ережесіне сәйкес орта буын басшылардың жұмысшылармен кезекті кездесуі «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы №4 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінде жалғасын тапты. Кәсіпшілік бастығы Мәди Кентановтың төрағалық етуімен өткен жиналысқа алпыс төрт адам, соның ішінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Чжан Вейхуа, әлеуметтік мәселелер жөніндегі топ инженері Сүйеніш Жайлаубаев қатысты.

М.Кентанов өткен жиналыстағы көтерілген сұрақтарға байланысты атқарылған жұмыстарға тоқталып, күн тәртібіндегі өзекті мәселе бойынша жұмысшылардың көкейлеріндегі сауалдары мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады.



Алғаш қойылған сауал - дәрежеден дәрежеге ауысқан кезде жалақының тұрақты разрядтағы қызметкердің еңбекақысымен теңестірілуі жөнінде болды. Сондай-ақ, бонус беру, сағат шамасын (норма часов) ашып түсіндіру, жатақханаға WI-FI қондыру, түнгі ауысымдағы операторларға берілетін құрғақ азық үлесінің құнарын жақсарту секілді өзекті мәселелер көтеріліп, хаттамаға енгізілді. Жұмысшылар тарапынан айтылған тағы бір ұсыныс - жиналысқа компанияның жоғары басқару буынындағы аталмыш мәселелер бойынша жауапты мамандардың қатысуы.

- Атап айтқанда, Кәсіподақ төрағасы, еңбек және жалақы есептеу бөлімінің мамандары, әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім басшылары келіп қатысса, орта буын басшылардың жиналысы сұрақ-жауаппен толыққанды өткен болар еді. Өндірістік қажеттіліктерге байланысты туындайтын ағымдағы мәселелерді шешу мақсатында қолға алынған осындай жиналыстар жиі ұйымдастырылып тұрса, жұмыс барысында туындайтын ірілі-ұсақты кемшіл тұстар келесіде мүлт жіберілмес пе еді», - деді мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінің 2-дәрежелі инженері Әсет Кенжеш.

Жиналыс соңында, өндірістік мәдениетті арттыру, қауіпсіздік жөніндегі мәселелер талқыланды.

*Сапарнама*

# АРКТИКАДАҒЫ КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Ақпан айының 16-19 күндері аралығында Ресей Федерациясының Мурманск қаласында Халықаралық Еңбек Ұйымының қолдауымен II Арктикалық жас кәсіподақ белсенділері мектебінің кезекті жиыны өтті. Шара биыл екінші рет Ресей Федерациясы Мурманск облысы кәсіподақ кеңесінің ұйымдастыруымен Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен өтіп отыр. Жиынның негізгі мақсаты - «Еңбек нарығындағы және еңбек қатынастарындағы жастар мәселесі» тақырыбы төңірегінде пікір алмасып, әлеуметтік әріптестіктің тараптары үшін қолайлы ұсыныстар жасақтау, ұтымды тәжірибені қолданысқа енгізу болатын.




Кездесудің алғашқы күні Қазақстан, Литва, Латвия, Норвегия, Якутия және Ресей Федерациясының өңірлерінен келген жас кәсіподақ белсенділері өз өңірлеріндегі кәсіподақ ұйымының жұмысымен таныстырып, қызмет барысындағы қиындықтар мен жеткен жетістіктері туралы әңгімелеп, тәжірибелерімен бөлісті. Белгілі болғандай, жалпы барлығына ортақ күрмеуі күрделі мәселе – жастардың кәсіподақ қызметіне деген қызығушылығының төмендігі болып шықты. Қатысушылардың айтуы бойынша жастардың басым бөлігінің кәсіподақ туралы мүлдем хабары жоқ, немесе ол туралы қате пікірлер қалып-тасқан. Олардың арасында кәсіподақты тек тәртіп бұзушылықтармен, наразылық акцияларымен, ереуілдермен ғана байланыстыратындары да бар. Сол себепті кәсіподақ ұйымдары бүгінгі таңда өз қызметінде үгіт-насихат жұмыстарына зор мән беріп отыр.

Әріптестеріміздің жетістіктері де аз емес екен. Мысалы, Мурманск облысында апатит минералын өндірумен айналысатын «Апатит» АҚ жанындағы кәсіподақ ұйымы жұмысшының кезекті еңбек демалысы кезіндегі демалыс орнына барып келуге кеткен жол шығынын көтеру жөнінде және жас мамандарды үймен қамту, банктерден үй алуға рәсімделген несиелерді өтеуге жәрдемдесу жөнінде жұмыс берушімен бірқатар келісімдер жасасқан.

Кәсіподақ мектебінің екінші күні «Жастардың Солтүстікке жұмысқа көптеп келуіне кәсіподақ ұйымдарының тигізетін ықпалы», «Ұжымдық шарттарға жұмысшы жастардың мүддесін көздейтін баптарды енгізу» және «Кәсіподақ қызметін ақпарат құралдары арқылы насихаттау» сияқты үш мәселенің төңірегінде топтық жұмыстармен жалғасты. Әр топқа тәжірибелі мамандар жетекшілік етіп, соңында аталған мәселелерді шешу жолында басшылыққа алатын құжат – іс-шаралар жоспары жасақталды. Мәселен, «Кәсіподақ қызметін ақпарат құралдары арқылы насихаттау» тақырыбы бойынша кәсіпорын ішіндегі ақпараттық стендтің безендірілуінен бастап, дағдарысты ахуал кезінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен жұмыс жасау тәртібі сипатталған нұсқау даярланды.

Сондай-ақ жас кәсіподақшылар халықаралық еңбек ұйымы бюросының Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттері жөніндегі бас маманы Сергиюс Гловацкаспен кездесіп, халықаралық еңбек ұйымының жұмысы жөнінде кеңінен мәлімет алды. Жүз жылдығын тойлағалы отырған ең ірі халықаралық ұйымға бүгінде 185 ел мүше. Қазақстан Республикасы ұйым құрамына 1993 жылы қабылданған. Бүгінгі таңда халықаралық еңбек ұйымының 200-ден астам конвенциясының 24-і Қазақстан Республикасы тарапынан бекітіліп, қолданысқа енгізілген. Олардың басым бөлігі еңбек қауіпсіздігіне, еңбекақы мөлшеріне, еңбек қатынастарына арналған. Халықаралық еңбек ұйымы конвенцияларының арасында жұмыс орындарындағы жастар саясатына, жас мамандарға айрықша көңіл бөлетін құжаттар да баршылық. Мысалы 156, 183, 202, 204 конвенцияларда жас отбасылардың, жас ата-аналардың жағдайына көбірек мән берілген. Аталған құжаттардың бекітілуіне ықпал ету Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы жастар қанатының күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болмақ.

Бұдан бөлек, шара барысында арктикалық мектеп тыңдаушылары Ресей Тәуелсіз Кәсіподақтар Федерациясы аппараты халықаралық әріптестік департаментінің жетекші маманы Эдуард Аветисовпен, Литва мемлекеті кәсіподақтар конфедерациясы жастар қанатының төрағасы Года Неверускайтемен және тағы басқа лауазымды тұлғалармен кездесіп, пікір алмасып, қызықтырған сұрақтарға жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

Шараның соңғы күні Мурманск қаласына танымдық сапармен жалғасты. Экскурсия барысында мектеп тыңдаушылары жүз жылдық тарихы бар «Батыр қаланың» тарихымен танысып, қаланың көрікті жерлерін аралады. Солардың бірі - биіктігі 40 метрден асатын «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Заполярьесі қорғаушыларына» арналған, халық арасында «Алеша» атанып кеткен мемориал. Айта кету керек, сұрапыл соғыс жылдары Кеңес үкіметінің солтүстіктегі иеліктерін қорғауға қазақ жерінен де жүздеген сарбаздар аттанып, неміс фашистерінің қолын қайтаруға теңдессіз үлес қосқан.

Келесі табан тіреген жеріміз Мурманск қаласының теңіз порты болды. Ол жерде дүниежүзіндегі алғашқы атом реакторы- «Ленин» мұзжарғыш кемесімен таныстық. 60 жылдық тарихы бар алып кеме иесінің ені 27, ал ұзындығы 134 метр. Қалыңдығы 2 метрге дейінгі мұздарды жарып өтуге қауқарлы, салмағы 20 мың тонна. Бүгінде Мурманск теңіз айлағында теңіз техникасының мұражайы ретінде сақталып тұр.

II Арктикалық жас кәсіподақ белсенділері мектебінің жабылу салтанаты жергілікті атқарушы органдар өкілдері мен жастар саясатының жүзеге асырылуына жауапты лауазымды тұлғалардың қатысуымен осы кеме-мұражайдың мәжіліс залында өтті. Жиын барысында үш күндік шараның қорытындысымен тараптардың талап-тілектеріна сәйкес жасақталған, алдағы атқарылар жұмыстың бағыт-бағдарын айқындайтын резолюция қабылданып, келелі кездесу, әдеттегідей, естелік суретке түсумен аяқталды.

*Модернизация*

# НАЦЕЛЕНЫ НА ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

**В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» продолжается активная работа по внедрению новых технологий, модернизации и усовершенствованию действующего оборудования.**

По словам директора Департамента новых технологий Руслана Бимагамбетова, в 2016 году планируется проведение опытно-промышленных испытаний (ОПИ), а также внедрение новых технологий, которые позволят нарастить объемы производства, снизить затраты и повысить эффективность услуг. В частности на месторождении Жетыбай планируется строительство Газотурбинной электростанции (ГТЭС). Получение всех разрешительных документов, проведение строительно-монтажных работ и запуск станции будет производиться за счет подрядчика. В результате АО «Мангистаумунайгаз» сможет получать необходимый объем электроэнергии по выгодной цене. В настоящий момент рассчитывается модель экономической эффективности. Напомним, в октябре 2014 года ГТЭС была запущена в эксплуатацию на месторождении Каламкас. Благодаря пуску ГТЭС АО «Мангистаумунайгаз» на сегодняшний день уже сэкономило более 3 млрд. 850 млн. тенге!



Кроме того, планируется применение технологии очистки забоев скважин от механических примесей, песка и соли с целью восстановления приемистости скважин, увеличения добычи нефти и межремонтного периода. При этом будет использоваться так называемый метод «Гидростатического устройства очистки забоя скважин» (ГУОЗС). В данное время договор с компанией-подрядчиком на проведение ОПИ на безвозмездной основе находится на стадии подписания. Параллельно ведутся расчеты экономической эффективности вышеуказанного метода.



# КАЧЕСТВО ВЫШЕ, СВЯЗЬ ДОСТУПНЕЕ

**С 1 января 2016 года в Акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» внедрена VoiP или IP-телефония, которая сочетает преимущества телефонии и цифровой технологии, обеспечивает повышенную функциональность, безопасность соединения, гармонизацию работы операторов мобильной связи и улучшение качества сигнала за счет преобразования цифровых данных.**

По словам директора ДАИТиС Ербола Мукашева, такая система связи, как IP-телефония делает возможным телефонное подключение на высоких скоростях, проведение аудио и видеоконференций; открывает такие функции, как определение номера входящего вызова, автоматический дозвон и переадресацию звонка на автоответчик или дополнительный телефонный номер. Кроме того, для телефонного цифрового звонка по IP-технологии не требуются провода и специальные условия, а лишь стабильное подключение к сети Интернет. А исключение междугороднего или международного телефонного оператора из цепи связи делает IP-телефонию не только более качественной, но и более дешевой технологией дистанционного общения. Цифровая IP-телефония также предусматривает как звонки с телефона на телефон, так и связь между компьютером и телефоном, двумя компьютерами, WEB-сайтом и телефоном.

В результате перехода на IP-телефонию станет возможной, включенная в Программу оптимизации затрат Общества, экономия затрат на международные и междугородние звонки, кроме того, все руководители, находящиеся в головном офисе получат дополнительные сервисы связи. Экономия затрат на международные и междугородние звонки будет складываться из следующих составляющих: дешевые тарифы оператора IP-телефонии (например стоимость 1 минуты разговора с КНР будет стоить 7 тенге вместо 40 тенге (ТОО Мунайтелеком); АТС переводит все звонки на сотовые телефоны через выделенный шлюз, что также уменьшит их стоимость за минуту разговора с 38 тенге/мин до 11тенге/минуту. Также появится возможность бесплатных звонков через Интернет (WiFi) в Актау для командированных сотрудников Общества, что позволит уменьшить затраты на роуминг сотовой связи.

Құттықтау




# Қымбатты ханымдар, құрметті әріптестер!

*Сіздерді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнайшы азаматтары атынан 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!*

*Отанның да, отбасының да береке-бірлігі, алған асуы, жеткен биігі нәзік жандылардың тынымсыз еңбегі мен ерекше талантының, төзімі мен сабырының арқасы. Егемендігінің 25 жылын атап өткелі отырған мемлекетіміздің өсуі мен өркендеуіне, тәуекелі көп жылдардағы күрделі сәттерден аман-есен өтуіне әйелдер қауымының орасан үлес қосқандығын қайталаудың артықтығы жоқ. Осындайда халқымыздың «әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» деген даналығына еріксіз бас иесің.*

*Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында 1802 қыз-келіншек жұмыс жасайды. Әріптестеріміздің кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі арқасында біздің кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік-экономикалық мәселелері сәтті шешілуде екендігін мереке күні ерекше атап өткім келеді.*

*Құрметті ханымдар, аса қадірлі апа-қарындастар! Баршаңыздың жылдың ең ғажап кезеңі, күннің нұрымен, көктемнің гүлімен ере келетін әсем мейрамдарыңыз құтты болсын!*

*Әр шаңырақтағы ынтымақ пен ырыстың, бақ пен берекенің ұйытқысы Сіздерге бақыт тілейміз! Қазіргі заман әйелі тек жар, ана, қыз ғана емес, ол білікті басшы, маман, кәсіпкер, іскер серіктес. Қашанда жаныңыз жадырап, көңілдеріңізде күй ойнап, шаңырақ шаттығы еселеніп, еңбектеріңіз жетістігімен, жемісімен қуанта берсін! Қасиетті көк тасты да балқытатын өмір көктемі, көңіл көктемі баршаңызға табыс, шаттық әкелсін!*

*Ел аспаны бұлтсыз, болашағымыз жарқын болғай!*

***Ізгі ниетпен,***

***"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы***

Мерекелік сұхбат

**Халықаралық әйелдер күні қарсаңында біз компаниямыздағы өндіріс саласын өрбітіп отырған өз ісінің мамандарына жұмыс және басқа мәселелер туралы сұрақ қойдық**



**Фатима Аманбаева** - «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасындағы КМДжӨЦ тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғыларының 4-дәрежелі операторы

***1. Сіздің жұмыс күніңіз қалай өтеді?***

- Операторлардың жұмысы кезекшілік әдіспен өтеді. Қазақтың «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген мақалына сүйене отырып, сағат 6:45- те мен жұмыс орнына келіп ауысымды қабылдаймын. Біздің нысанның негізгі қызметі - шикі мұнайды өңдеу және оны тауар сапасына жеткізу болып табылады. Мұнай бізге мұнай құбыры бойынша цехтардан түседі. Біз оның құрамындағы суды, тұзды және мұнайлық газды бөліп алып мұнай сапасын өлшеу жүйесі арқылы «ҚазТрансОйл» кәсіпорнына өткіземіз. Менің міндетім - сол қондырғылардың үздіксіз жұмыс істеуін бақылап, тапсыру.

***2. Сіздің жұмысыңызда қандай қателіктерге жол беруге болмайды?***

- Біздің жұмысымызда жауапсыздық пен ұқыпсыздыққа жол берілмейді. Еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар мүлтіксіз орындалуы тиіс. Бұл туралы жер-жерде, әлденеше рет айтыла беруі айналып келгенде мұнайшының өмірін қауіп-қатерден сақтау, бала-шағасына аман-есен қауыштыру.

***3. Сіздің ең басты жеке жетістігіңіз?***

- Мен барға қанағат ететін адамммын. 1995 жылы 3-ші разрядты оператор болып осы кәсіпшілікте еңбек өмірбаянымды бастасам, ал бүгін мен 4-ші разрядты оператормын. Әрине, сырт көзге бұл бақыттан бас айналатын жетістік те болмауы мүмкін. Дегенмен...

***4. Сіз үшін ең жақсы демалыс деген не?***

- Қаншалықты қарабайыр естілуіне қарамастан - бұл етжақындарыммен бірге болу. Кезекшілік әдіспен жұмыс істейтіндіктен өзімдікі деп еншілеген немеремді сирек көремін. Өмір қарбаласын ұмытып, балалардың жарқын жүздеріне қарап қуану қандай керемет! Осы сәтті пайдаланып әріптестеріме:

Өмір жыры таусылмасын мәңгілік,
Тұрсын алдан арайланып таң күліп.
Бақыт болсын әрқашанда жолығар,
Шаттығыңыз тау суындай молығар.

Тілеймін бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұяң мен бауырларың,
Жалғассын ақ таңдарың нұрын шашқан

–деп тілек айтқым келеді. Жалпы, ортада отырып ән айтып, осылай өлең оқығанды ұнататыным бар (күледі)

***5. Жинақтаған тәжірибеңізбен жастармен қалай бөлісесіз?***

- Мен өз білімімді компанияда еңбек жолын бастаған жастармен бөлісуге әрдайым дайынмын. Бүгінгі жас мамандардың компьютерлік сауаттылығы, шетел тілдерін меңгергендігі және кәсіптің барлық қыр- сырын білуге құштарлығы аса қуантады.

***6. Сіздің сүйікті нақыл сөзіңіз?***

- Қазақта «Сабыр түбі - сары алтын» деген мақал бар. Осы мақал менің мінез-құлқымды ашады деп айтуға болады. Еш уақытта қиындыққа мойымай, төзімділік пен табандылықтың арқасында өзіңнің алдыңа қойған арман-мақсатқа жетуге болады.



**Майрагүл Жұбанова** - «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасындағы ӨЖҒЗБ 2-дәрежелі мұнай және газ өндіру инженері

***1. Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жұмыс істеген жылдарыңыз өміріңізде қандай із қалдырды?***

- Мен компанияға институтты бітіре салысымен келдім. Бүгінде кәсіпшілікте жұмыс істегеніме 20 жылдан асты. Отбасыңнан шалғай, ауысыммен жұмыс істеу, арнайы техника, ұңғымалар... Әсіресе, жастықта мұның барлығы сондай қызықты болатын! Маңғыстаудың шақырайған ыстығы төбеңді тесетін жаз айларында біз ызғырық аязы мен үскірік желі басым қысты ұмытып, салқынды аңсайтынбыз, ал қыс айларында керісінше еді. Табиғаттың құбылмалы мінезіне және барлық қиындықтарға қарамастан біз тату ұжымда жұмыс істедік, жұмысымызды бағалап, бір-бірімізге көмекке асығатынбыз. Қаламқас кенорнында жұмыс істеп жүріп, мен өндірістің барлық технологиясын ұғынып, тәжірибе жинақтауға тырыстым. Компанияда жұмыс істеудің көп пайдасы тиді: баға жетпес тәжірибе жинақтадым. Осының өзі өмірлік із емес пе? Жылдардың биігінен жақсы-жаманды саралап, не тындырдым деген сұраққа жауап іздегенде бір нәрсе айқын. Ол кәсіби бағытымды дұрыс таңдағандығым.

***2. Сіздің мамандығыңызға қандай қасиеттер қажет?***

- Біздің кәсіпте төзімді болу керек. Сондай-ақ, кен орнында жұмыс істеу табандылық пен шыдамдылықты, ептілік пен байсалдылықты, күш-қайратты талап етеді. Бұл қасиеттердің барлығы қандай биікке де жанкешті еңбектің арқасында ғана жету мүмкін екендігін түсінетін нағыз мұнайшыларға тән.

***3. Кімді үлгі тұттыңыз?***

- 1994 жылы алғаш еңбек жолымды бастаған кезде, қиын шақтарда мұнайшылықтың қыр-сырын үйреткен тәлімгерлерім - Магомед Гелисханов пен Әния Ізбасарова апамыз болды. Мұнай-газ кен орындарындағы білікті және практикалық дағдыларды жете меңгерген білімді инженерлер бай тәжірибелерін біз сияқты жастармен асқан мәрттікпен бөлісетін еді.

***4. Сіз үшін қандай адами қасиеттер маңызды?***

-Адалдық, ар-ұят. Менің болмысымда бұларсыз адамдармен араласу, жолдас болу өте қиын. Жасыратыны жоқ, басқа заман келді, басқа құндылықтар басымдау. Солай екен деп ардан аттауды, жаныңдағыға қиянат жасау біздің ұрпақ түсінбейтін, бізге жат дүния.

***5. Сізге берілген ең жақсы ақыл- кеңес?***

- Маған берілген және мен құлақ қойған ақыл-кеңестің ішіндегі ең жақсысы - «Біреудің ала жібін аттамау»

***6. Егер Сізде кез келген жобаны жасауға қажетті қаржы мен технология болса, ол не нәрсе болар еді?***

- Бұл күн қуатын өндіретін құрылғы болар еді. Маңғыстау сиқты шуақты өңірге жаңа технологияны енгізе отырып, электр қуатын өндіруге, қыста ауаны жылытуға және жазда ауаны салқындатуға, суды ысытуға пайдаланар едім. Себебі, үнемділігімен қатар мұндай құрылғы табиғатты таза қалпында сақтауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

***7. Ал жұмыс орныңызда жүзеге асқан қандай жобаны көңіліңізге тоқ санайсыз ?***

- Ол - судағы мұнай қалдықтарының мөлшерін анықтайтын және мұнай мен судың пайыздық мөлшерін өлшейтін әдістемелер. Академиялық ғылыми-зерттеу институттары ойлап таппаған мұндай әдістемелер - цех ұжымының ақыл-ойының жемісі. Ал, мұнан кейін ұжымыңмен мақтанбай көр!



**Оразгүл Атшыбаева :**

**Мұнай және газ өндіру цехының операторы.**

Өндірістің көзі ашылып, қыз-қыз қайнап жатқан тіршіліктің бел ортасына тап келдік. Жатырқап жүріп, үйрендік, көрдік. Енді міне, 30 жылдан астам еңбектің зейнетін көрсек одан асқан бақыт жоқ. Уақыттың жүйрік екені рас-ау. Әне-міне дегенше, көктемнің көп мерекесі есігімізді қағып, еңсемізді тіктеп, күллі тіршіліктің көзіне жан бітіп, жасарып кеткендей күйде.

Наурыз айы –жасампаздық пен жаңарудың айы. Бар жақсылыққа жақын жүретін қыз-келіншектердің жүректеріне жылылық, көңілдеріне көктем орнап, көңілді жүргенін қалаймын. Әріптестік әзіліміз жарасып, әдемі боп жүрейік.



**Айгүл Аманджанова:**

**Газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының есепшісі.**

Мен осы мекемеде қызмет жасағаныма бақандай 8-жыл болыпты. Аз уақыт ішінде өз ұжымыма бауыр басып кеттім. Еткен еңбек, төккен тердің еленбей, ескерілмей қалған жері жоқ. Өз несібемізді тауып, қызмет етіп жүрген ұжымда әр мереке сайын әріптес азаматтардың тарапынан сый-қошеметке бөленіп жатамыз. Әсіресе, әрбір қыз-келіншек үшін көңілді көктемді ала келетін 8-наурыз мерекесі - ерекше мейрам. Мерейді өсіретін марапат пен мақтау жігеріңді жанып, өз кәсібіңе деген ықыласыңды арттырады

Осы мерекемен барлық әріптес қыз-келіншектерді, аналарды құттықтай отырып, дендеріне саулық, жүректеріне кеңдік, ізгілікті істің жаршысы бола жүріп, жақсы жаңалықтармен қауыша беруіне тілектеспін.

*Жанымда жүр жақсы адам...*

# Ақжелең жан

*Сағила апай туралы мөлтек сыр*



Биыл түбекте қыс қатты басталса да, іле май тоңғысыз жылылыққа жер ерте жібіді. Қаламқастықтар да жылдағыдай емес, ызғарсыз қысқа риза. Дүркін-дүркін төгіп жауып өткен жаңбырдан ба, әлде ерте көктемнің иісін сезгендей ме мұнайшылар ауылындағы тал-теректер де басын көтергендей әсерде қаласың.

Күндіз кентте бөгде адам кездеспейді. Тек қана мұнтаздай таза көшеден жатақханаларды тынымсыз аралап, әрбір күтушінің жағдайын біліп, жұмыстарын тексеріп келе жатқан осы апайды ғана жолықтырасыз. Еңбек жолын ұстаздықтан бастаған апай мектептің тәртібіндей қадағалай жүреді, білмегенді үйрете жүреді. Уақыт өткен сайын Қаламқас кентінің көркіне көрік қосып, келбеті көркем тартатыны да көңіліне қуаныш.

Осы мекеннің көркеюіне өзінің қатысы бар екендігін ойлағанда кеудені толтыратын мақтанышы да жоқ емес... Өткенді ой елегінен өткізсе, Қаламқасқа келгелі де 20 жылдан кетіп бара жатыр екен-ау. Ол кездегі тұрмыстық жағдай мүлде басқаша еді. Ал қазір... Жасыл ағаштары мен тазалығы құдды бір демалыс аймағында жүргендей әсер қалдырады.

Бұл әңгіменің кейіпкері туралы айтсам, ол - Сағила Нұрбосынова, Қаламқас кентіндегі жатақхана меңгерушісі қызметінде ұзақ жылдар жасап, талай жастарды тәрбиелеп еңбекке баулыған тәлімгер. Үйдегісі не, түздегісі не, отының басынан шалғайда жүретін мұнайшылардың тұрмысының жайлылығы, жатақхананың таза болуы күтушілердің міндеті. Міне, осы жұмыстарды ұйымдастырушы – Сағила апай. Оның ұстанымы - еңбекқорлық және тәртіп. Ұжымдағы 90-ға тарта қыз-келіншектердің әрқайсысының мінез-құлқына қарай тілін тауып, жұмысты үйлестіре біледі. Осы тынымсыз еңбегінің арқасында ұжымда беделді, сыйлы болып, басшылық тарапынан талай мадақтауларға да ие болды.

Әдетінше, «Ой, қыздар-ай! Бұл жер – Қыз-Қаламқас, аңыз-Қаламқас, Кен-Қаламқас, сонымен қатар – ерен еңбек, мол табыс, романтика, сезімдер қилысқан тағдырлар мекені ғой!» - деп сүйсіне айтатын Сағила апай, бүгін тағы да жайлап басып қыздарын бір тексеріп шығуға жатақханаларды беттеп бара жатыр.

Артынан қарап тұрып, осындай басшымен жұмыстас болғанымды мақтаныш етіп, көңілім бір марқайды. Келе жатқан 8 наурыз - қыз-келіншектер мерекесі және тұспа-тұс келетін туған күнің құтты болсын, Сағила-Апа! Мықты денсаулық, еңбегіне табыс тілеймін!

**Күләш Еңсегенова,**
**ТҮПЦ кәсіподақ ұйымы**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# АСЫЛ АНАЛАР, АРУ ЖАНДАР

Қойнауына құт қонған түбек мұнайшыларына құрылыс-монтаждау, жайластыру қызметтерін көрсетіп отырған «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етіп жүрген жүздері жылы, бейнеті де, зейнеті де мол еңбек жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын қызметкер аналар туралы көгілдір көктем мерекесі қарсаңында сыр тарқатуды жөн көрдік.

**Дариға Мұқанмедиқызы Жолболдина** 1997 жылдан бері Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінде аға инженер-эколог болып қызмет атқарып келеді. Көп салалы компания қарамағындағы құрылыс салу, жер қазу, тас және басқа құрылыс материалдарын өндіретін карьерлерінің жұмыс барысында шаң басу, автокөлік құралдарының шығарынды газ құрамын бақылап, реттеп отыру, бүлінген жерді қайта құнарландыру, өндірістік қалдықтарды полигонға жеткізу, өндірістік базалар, жатақханалар төңірегін көгалдандыру шараларының орындалысын қадағалап отырады. Техникалық-экономикалық негіздемелерге экологиялық сараптама жасауға, жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейту және қайта құру, сонымен қатар жаңа технологиялар мен жабдықтардың жобаларын жасауға, жаңа техниканы енгізу шараларын әзірлеуге атсалысады. Жұмыс бабында жинаған бар тәжірибесі мен білімін жас мамандарға үйретіп келеді. Дәкеңнің табанды еңбегі арқасында Қаламқас кен орнындағы асфальт-бетон зауыты газ отынын жағуға ауыстырылды, жылыжайлық газдарды шығару көлемін азайту мақсатында серіктестіктегі автокөліктерді газ отынына ауыстыру қарқынды жүріп жатыр. Компанияның табиғатты пайдалану шарттары бойынша I, II, III және IV санатты нысандарына табиғат пайдалануға рұқсат алу үшін құжаттарды дайындау ісін жақсы жолға қойған. Сыры кетсе де сыны кетпейтін қазақ әйелінің бар қасиетін бойына сіңірген, көктемнің күніндей күліп жүретін, сөзі де өзі де биязы Дариға екі ұл өсіріп жеткізген ардақты ана, немерелерінің бал тілін қызықтап отырған сүйікті әже.

**Гүлжиған Қуанғалиқызы Таубасова** және **Евгения Федоровна Кравец** Қаламқаста өндірістік-техникалық бөлімнің жетекші инженері болып жұмыс істеп келе жатқан еңбек ардагерлері. Терең білімді, тәжірибесі мол мамандар. Күрделі жөндеу және күрделі құрылыс нысандар құрылысына қатысты мәселелерді шешуге атсалысады. Материалдарды жұмсау нормаларын әзірлеу, материалдық есептерді бақылау, жоба-сметалық құжаттамаларды тексеру, құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарының орындалысын қадағалау, бір орталықтан жасақталған салалық әдістемелік және низамдық материалдарды қолдану, осы салада жоспарланған шаралардың іске асуын бақылап отырады.

Мұнайшылар әулетінен түлеп ұшқан Гүлжиған Атырау қаласындағы Политехникалық техникумды тәмамдағаннан кейін Жетібай, Өзен, Қаламқас кен орындарында өзінің алғырлығы арқасында бухгалтер, инженер, экономист мамандықтары бойынша үздік еңбек ете жүріп, жоғары экономикалық білімге де қол жеткізді. Еңбек жолында айналасындағы жас инженер-техникалық қызметкерлерге техникалық, бухгалтерлік есеп, экономикалық есептеулердегі білгенін үйретуден жалықпайтын, апалық қамқорлығын аямайтын тәлімгер болды. Ол дайындаған жастар жақсы маман қатарында биік жетістіктерге қол жеткізіп жүр.

Евгения Федоровна Алматы қалалық сәулет-құрылыс институтын 1982 жылы бітіріп, Маңғыстауға келгеннен бері табан аудармай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам жүйесіндегі құрылыс саласында 36 жыл жұмыс жасаған. Ол өз ісіне шын берілген жоғары білікті маман. Ұжымдастары оны нағыз жолдас, елгезек қамқоршы ретінде, басшылық оны шыншыл да озат қызметкер ретінде жоғары бағалайды. Еңбексүйгіштігі мен жұмысқа қабілеттілігі көпті қызықтырады. Бастаған ісін соңына жеткізбей тынбайды. Гүл түрлерін аса сүйіспеншілікпен өсіріп, кабинетін гүлзар-көктем еткен. Өмір белестерінен сүрінбей өткен Евгения Федоровна екі бала өсіріп, немерелерін тәрбиелеп отырған асыл жан.

**Күлшара Тұрманбетова** көп жылдан бері Жетібай кен орнында сыршылық қызмет атқарады. Ішкі дүние-болмысы қандай көркем болса, ісі де сондай әсем. Жайлы мінезі, сабырлы пайымымен ортасында сыйлы. Өз мамандығы бойынша бірнеше рет байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Жұбайы Ғизатпен бірге үш бала тәрбиелеп, оншақты немеренің қызығын көріп отырған берекелі шаңырақ иелері.

**Құралай Қошекенова** сыршылықтың қыр-сырын жете меңгерген қызметкер. Күнделікті берілген тапсырманы сапалы орындап, жұмыс жетекшілерден тек мақтау алып жүреді. Құрылыс жұмыстарының осы бір маңызды бөлігін орындауда өнімді еңбек етіп жүр. Бүгінде екі баланың анасы. Өз ісіне деген адал көзқарасы, тартымды мінезі істес болған, кездескен замандастарын баурап алады.

**Сайлау Таласбаеваның** таңдаған сылақшы мамандығы бойынша отыз жылдан аса уақыт табысты жұмыс жасап келеді. Сылауға арналған ерітінділердің құрамы және дайындау тәсілдерін, ұстасуды баяулатқыштар мен тездеткіштердің түрлері мен қасиеттерін, химиялық қоспалары бар ерітінділердің қасиеттері және олармен жұмыс істеу ережелерін, ерітінді сорғыштар, цемент атқыш және олардың бүріккіштерінің, ысқыш мәшинелердің құрылысын, жұмыс тәсілдері мен оның сапасына қойылатын талаптарды жақсы білу керек.

Өмір сынынан қажымай өтіп, әулеттің алтын діңгегі болып отырған ана үй-ішінің алаңсыз тірлігін жалғыз өзі қамтамасыз ете жүріп, бес бала тәрбиелеп өсірді. Екпінді еңбегі үшін марапатқа ие болып жүрген жан.




Жетібай вахталық кентіндегі жатақханада жұмысшылардың жағдайын жасап, мезгілінде бөлмелердің тазалануын қамтамасыз етіп отырған **Нұржәмилә Аманбаеваның** жұмыстастары үшін орны бөлек. Өмірде қиындықты жеңе білу, ата-баба дәстүрін жалғастыра білуді жас ұрпаққа үйретуден әсте бір талмайтын апайды бәрі анасындай көреді. Ол бес баланың анасы, оннан аса немере көріп отырған үлкен шаңырақтың ұйытқысы.

**Қанзия Иманқызы Жұмабаева** ұзақ еңбек жолының соңғы 33 жылында Көлік және арнайы техника қызметінде аккумулятор батареялары мен автошиналарды есепке алу жөніндегі инженер болып қызмет істеп келеді. Аккумулятор батареялары мен автошиналардың есебі, олардың техникалық жағдайы, қозғалысы мен жұмыс істеуін есепке алып отырады, олардың дұрыс сақталуына бақылау жасайды, техниканы күтіп ұстауға, пайдалануға қажет май және басқа материалдардың берілуін, жүргізушілер мен механизаторлардың жол қағаздары бойынша жағармай шығынын қадағалайды. Жастайынан пысық, еті тірі қыз еңбекке ерте араласты, партия комитетінің хатшысы болып, талай игі істерге мұрындық болды. Қиын жағдайларда ұтқыр ойымен тез шешім қабылдап, жол тауып кетеді. Ұжымдастары үшін елгезек, жастарға айтар ақылы, берер кеңесі көп жасы үлкен тәлімгер. Өмірлік серігі Назарбаймен ұлдарының болашағынан зор үміт күтеді.

**Райхан Джупбанова** компанияда 1985 жылдан бастап кассир, баға қоюшы, есепке алу технигі сияқты қызметтерді абыроймен атқарып келеді. Техникалардың тізбектер бойынша бөлінуін, жүргізушілер мен механизаторларға бекітілуін есепке алу, басшылық құжаттар негізінде жол қағаздарын ресімдеудің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру, жол қағаздарында көрсетілген атқарылған жұмыс көлемі мен жанар-жағар май шығындарының белгіленген лимиттерге сәйкестігін тексеру, жолдағы техника жұмысын қадағалау, сонымен қатар жалақыны есептеу және жұмыс уақытын пайдаланудың есебін жүргізу үшін керекті барлық мәліметтерді ай сайын тапсыру, тексеру, түзетулерді дұрыс ресімдеу жұмыстарын мүлтіксіз атқарып келеді. Райхан - төрт бала өсіріп, бүгінгі күні үбірлі-шүбірлі болып отырған көңілі кең жайлау әже.

**Бағытжан Ерғалиева** жиырма жылдың үстінде алғашында Әкімшілік-шаруашылық бөлім қызметкері, компания қайта құрылымдаудан өткеннен кейін №2 автотізбектің диспетчері қызметін атқаруда. Жүргізушілерді сапарға шығару сияқты жауапты жұмыста қателік жіберуге болмайды. Көлік құралы мен техниканың қозғалыс маршруты, ауа-райы, жолдардың жағдайы туралы ақпараттарды қабылдап, егжей-тегжейлі нұсқау беріп отырады. Көлік құралдарының уақытында сапардан аман-есен оралуына тілектес болып отыратын да Бағытжан апай. Өз ісіне сергек, мұқият қарайтын апай ұжымда беделді мамандар қатарында. Жан жолдасы Қиса ағаймен бірге төрт бала тәрбиелеп, қазір немерелерін қызықтап отырған мәуелі бәйтеректей бақытты отбасы.

Көпшілік құрметіне ие болып жүрген қарапайым ғана еңбеккер **Жаңылша Мусаеваның** компаниядағы еңбек өтілі 23 жыл болыпты. Ол өзінің жауап беретін жұмыс көлемін ұқыпты орындайды. Өз атына сөз келтірмей, адал қарайтын қызметкер қашанда басшылық тапсырмасын мүлтіксіз орындайды, ұжымдастарының да көңілін қалдырған емес, кім-кімге де қол ұшын беруге дайын тұрады. Жан шуағымен айналасын жарық қылып жүретін Жаңылша апа - үш баланың анасы, жеті немере сүйіп отырған ардақты әже.

Бұл қызметкер аналар Серіктестік атқарып отырған туған өлкенің байлығын игеру үшін аса қажетті құрылыс саласында ірі жобаларды жүзеге асыруда өздері ие болып отырған лауазым деңгейінде лайықты жұмыс істеп, ер-азаматтармен қатар жүріп, кәсіби біліктілігі мен іскерлік қабілеті шыңдалған маман ретінде көріне білді. Бүкіл саналы өмірінде жаңа жетістіктерге құлшыныспен үздіксіз еңбек еткен аналарды қалай дәріптесе де артық етпесі анық. Өйткені тірліктің бастау көзі, ұйытқысы, әрі тұтқасы - осы ана қарлығаштай қанатымен су сеуіп, қашанда өз отбасының ғана емес, күллі қоғамның тыныштығын тілейді. Құрметті зейнеткерлік жастың табалдырығынан аттағалы отырған еліміздің алтын арқауындай қызметкерлерге компания атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге мықты денсаулық, шаңырағыңызға шаттық пен береке, жаныңызға жылылық пен мейірім тілейміз. Өсіп-өнген ортаңыздың ажары болып жүре беріңіздер!

**А.Есбосын,**
«Oil Construction Company» ЖШС

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# Ақжарма тілек

Ұлттың да, ұрпақтың да бесігін түзейтін, тіліміз бен дінімізді ана сүтімен санаға сіңіретін, ұлтты тәрбиелейтін қыздарымыз.

Екпінді еңбек тынысын толастатпай, кен орнында өндірістің қазанын қайнатып жүрген мәртебелі мамандардың бірқатарын айтып өткен жөн. Біздің мақаламыздың арқауы болып отырған Асылхан Тұрабаева, Дариға Ещжанова, Жұмагүл Смағұлова, Сания Бисенғалиева, Жиде Жолбаева, Жұмагүл Жакишева, Балзия Жолмағамбетова сияқты нәзік жандылар біздің мекемеде алды отыз алты жылдан, кейінгілері он сегіз жылдан бері әр түрлі мамандықта қызмет етіп келеді. Қандай марапат пен мақтауға лайық. Ұзақ жылдардан бері әр саланың ыстық-суығын кешіп, өз ісіне деген адалдықтарының арқасында ұжымды ұйытып отыр. Сонымен қатар отбасында бірнеше бала тәрбиелеп, кейбірі немере сүйіп отырған әжелер. Атқарып отырған қызмет түріне қарамастан оларды өз істерінің қас шеберлері деп атауға болады. Асыл жандардың абыроймен атқарған еңбектері ескеріліп, бірнеше рет мадақтаулар мен алғыс хаттарға ие болған. Олар өздерінің соңынан еріп келе жатқан жас мамандарға тәлім-тәрбие беріп, мамандықтың қыр-сырына үйретті. Мекемеміздің дамуына өз үлестерін қосып, адал еңбек етіп жүрген әріптестеріміздің қасында болу біз үшін үлкен мақтаныш.

Жер дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктем әйел мерекесінен басталады. «Ер - елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендей, отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына мейірімнің жылуын сепкен аналарымыз бен қыз-келіншектерімізді бүгінгі айтулы мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің атыңызға айтылатын абыройлы алғыс пен ақжарма тілектер ешқашан толастамасын. Көктемнің мерейлі мерекесі мол бақыт пен аққанат қуаныш әкелсін.

Мереке құтты болсын, серіктестікте қатар еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер және зейнеткерлік демалыстағы тәлімгер апайлар!

**Ізгі тілекпен,**
**“Ойл Транспорт Компани”**
**ұжымының ер азаматтары**

*Еңбегімен елеулі*

# МЫРЗАҒАЛИ АСУЫ



Қаламқас байланыс цехында көп жылдардан бері табанды еңбек етіп жүрген өз мамандығының майталманы - Жүсіп Мырзағали.

Жүсіп Мырзағали Сайлаубайұлы Форт-Шевченко кентіндегі Баутино елді мекенінде, қарапайым отбасында дүниеге келген.

1976 жылы Ералы кентінде орта мектепті бітірген соң алғашқы еңбек жолын «КЭ» Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында слесарь болып бастады. 1979 жылы қазіргі «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қаламқас» және «Қаражанбас» кенорындарында станциялық жабдықтау электр дәнекерлеуші қызметте болады.

- Ол кезде Шевченко мен Қаламқас арасындағы байланыс «Мангышлакнефть» және «Қаражанбастермнефть» эфирі арқылы берілетін. Жұмыс жасай жүріп білімімді әрі қарай жетілдіру үшін қазіргі Ресейдің Ленгор қаласындағы кабельді байланыс желісінің дәнекерлеуші мамандығын алып шықтым – дейді Мырзағали.

Қажетті ақпарат алуда кабельді байланыс желісінің орны ерекше. Атап айтқанда телефон, факс, интернет жүйелері, телемеханика, сондай-ақ барлық ақпараттар осы кабельді желі арқылы таралады.

Мұнайшылар дер кезінде ақпарат алу үшін желі үзілген жағдайда ауа-райының қолайсыздығына қарамастан тез арда іске қосу, кабельдердің структурасын, жол жүруін, байланыс арнасына кедергі жасайтын әсерлерін анықтау осы мамандардың қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асады.

Қиындығы мен ауыртпалығы қатар жүретін мамандықтың қыр-сырын меңгерген Мырзағали бүгінде төрт бала тәрбиелеген бақытты шаңырақтың иесі. Осындай еңбегін адал атқарып жүрген қызметкерлер мол табыстарға жете береді деген сенімдеміз.

***Б. Құлмұрынова***
***«Мұнайтелеком» ЖШС***

*Компания тынысы*

# АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Ақпан айының 15-інде КСРО әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 27 жыл толды. 1989 жылы ақпан айының 15-де талай аналарды перзенттерінен айырған, мыңдаған жерлес бауырларымыз қаза тапқан қасіретті де қайғылы «Ауған соғысы» аяқталды. Жылдар өткенімен жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде.

«Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жауынгер интернационалисттерге жыл сайын құрмет көрсетіп, марапаттау үрдіске айналып отыр. Сол кезде кеудесін оққа қарсы қойған әріптестеріміз Сейтхан Абдикаликов, Карлыгаши Баскараев, Қадірбек Буханов, Жоламан Дандикулов, Түркменбай Жолов, Бөкенбай Игдиров, Байбол Избергенов, Сейлхан Кожаев, Нуржан Куаншекенов, Кемеладин Медетбаев, Ерали Муратов, Әлімбай Онаев, Мир Ордабаев, Абилкайыр Сардаров, Рустем Чиганаков, Мурабек Шамилов сияқты азаматтарымыз еңбекте өздерінің алдына қойған міндеттерін абыроймен атқарып, ұлқыз тәрбиелеп отырған отбасы иелері.

Кешегі жауынгерлердің әрқайсысының өз тарихы, өнегелі өмір жолы бар. Мысалы, Жоламан Дандикулов 1982 жылы 19 жасында Ауған жеріне соғысқа аттанған. Жоламанмен бірге сол кезде Маңғыстау жерінен кеткен он азаматтың бесеуі елге аман оралған. Жоламан Дандикулов Пули-Хумри (Долина смерти) қаласындағы автоколонна мен ротаны сүйемелдеуші болып әскери қызмет атқарады. 1983 жылы Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан ірі қалаларының бірі Фейзабат шекарасында оқ астында қалып, жарақаттанған ол Фергана қаласындағы госпитальда жатады. 1984 жылдың желтоқсан айында емделіп шығып, қайтадан соғыс алаңына қосылған Жоламан 1985 жылы наурыз айында аман-есен ата жұртқа оралады. От пен оқтын ортасында қан төккен Жоламан бүгінде сол бір сұрапыл жылдарды еске алғысы келмейді.

Жуырда жастықтың жалынды жылдарында майдан кешкен ауған соғысы ардагерлерін - әріптестерін ұлығылау мақсатында атаулы күнге орай «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде мерекелік кездесу ұйымдастырылып, оған бүгінгі таңда мекемеде жұмыс жасап жүрген он алты жауынгер-интернационалист қатысты.

Жиынды мекеме директоры Бауыржан Батыргалиев ашып, Ауған ардагерлеріне ерліктері үшін ілтипат білдіріп, алғыс хатпен және ақшалай сыйлықпен марапаттады.

Кездесуде серіктестік директорының персоналды басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Ержігіт Букембаев, сондай-ақ ардагерлер Түркменбай Жолов және Жоламан Дандикуловтар сөз сөйлеп, өткен тарихтың сұрапыл кездерінен тағылымды әңгімелер айтып өтті. Егеменді еліміздің көк байрағы көкте ғана желбіреп, еліміз аман, жеріміз тыныш, бақытты өмір сүрейік деген тілектерін жеткізді.

**А. Алдабергенова**
**«ОСК» ЖШС**



# АБЫРОЙЛЫ ҒҰМЫР



Кенорындағы өндірістік нысандарды күндіз–түні электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде талай жыл табанды еңбек етіп, өзінің кәсіби біліктілігі мен еңбек тәжірибесін кейінгі жас буынға үйретер көшбасшы ағалардың арамызда жүргені қуантарлық жайт. Солардың алдыңғы шебінде «Жетібай» өндірістік-энергетикалық қызметі ұжымын бірнеше жылдан бері зор жауапкершілікпен басқарып келе жатқан **Төлеп Нұрлыбекұлы Кемежанның** есімін мақтанышпен атауға болады.

Алғашқы еңбек жолын «Маңғыстауэнергомұнай» серіктестігінің шебері қызметінен бастаған Төлеп Нұрлыбекұлының есімі Маңғыстау өңірінің мұнайшыларына жақсы таныс. Ширек ғасырға жуық ерен еңбектің ащысы мен тұщысын қатар татқан Төкең өз ұжымының шебер ұйымдастырушысы, тәжірибелі маманы. Ел игілігі үшін білімін мен білігін аямай, жылдың қай мезгілі болмасын, ми қайнатар ыстық пен аязға тоңып ағымдағы жұмыстарымен қатар, серіктестіктің 6 кВ тарату пункттерінің майлы айырғыштарын вакумдық айырғыштарға айналдыру, 35/6 кВ қосалқы станцияларын реконструкциялау және т.б. кезек күттірмейтін өндірістік жұмыстарды Төкең өз жетекшілігімен абыроймен атқарды. Көргені мен түйгені мол, жас буынға үйретері көп, еңбек тағылымы мен тұрмыс тәрбиесі отбасы үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестері, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Жетібай кен орнының майталман басшысы атанған Төлеп Нұрлыбекұлы осы жылы Пайғамбар жасқа шықты. Жаны жомарт, ұстанымы берік, қабілеті іскер Төлеп Нұрлыбекұлын осы асқаралы жасымен шын жүректен құттықтай отырып, баянды ғұмыр, әулетінің шаттығын тілеп, еңбегінің зейнеті мен жақсылығын көру жазсын демекпіз.

**Р.Сарсенгалиева**
**«МЭМ» ЖШС маманы**



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500

*Сүйінші!!!*

# Үйінде ұл-қызы бардың – көгінде жұлдызы бар



Мешін жылының алғашқы күндерінде Маңғыстауға жағымды жаңалық болып тарап, дүние есігін ашқан үшем - Раяна, Аяна, Даяна есімді сәбилердің анасы біздің әріптесіміз Ақбибі Өтепова. Ақбибінің «Қаламқас» тұрғын-үй пайдалану цехында еңбек еткеніне биыл алты жыл болады. Ол бойына біткен сәбидің үшем болатыны анықталғанда бұл хабар отбасы үшін тосын болғандығын айтады:

-Алғашында сене қоймадым. Өйткені тұқымымызда үшем болып көрмеген. Қуаныш деген осы емес пе? Енді үшем болған соң, көпбалалы аналардың қатарына қосылып жатырмын. Ақ халатты абзал жандарға дән ризамын. Олардың қамқорлығының арқасында аман-есен аяқ-қолымды бауырыма алдым,–дейді жас ана.

Жастары 35-тен енді асқан Ақбибі мен Шалқар бір күнде бес баланың ата-анасы атанды. Ажырату үшін жасыл дәрімен шекелеріне белгі салынған сәбилердің әрқайсысының орташа салмағы екі келіден асады. Бақытты ата-ана Мағжан мен Мадиар есімді екі ұлдардың соңына қарлығаш тілек қарындастары ергенін жақсылыққа балайды.

Жуырда сүйінші хабарды естіген «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев сәбилерге бесік арбалар сыйға тартып, ерекше қуанышқа бөленген Шихшабековтар отбасына ұжымның жүрекжарды тілегін жеткізді.

Бүгінгі таңда үшемнің отбасы Ақбибінің апа-жездесімен бірге тұрады. Отбасының өзіне тиесілі жеке баспанасы жоқ. Бұған дейін үшемнің ата-анасын атаулы қуаныштарымен құттықтауға келген бір топ атқамінер азаматтардың «жыл аяғына дейін уақытша тұратын пәтер



жайы шешіліп қалар» деп үміттендіріп кеткен жақсы хабарын көңілге медеу тұтып отырған жайлары бар.

Біздің халық «бір қозы артық туса, бір түп жусан артық шығады» дейді. Шихшабековтар отбасы да ешкімге алақан жайып отырған жоқ. Әзірге қанша қиындық туындаса да сәбилерінің сыңғырлаған күлкісі мен күн өткен сайын тәтті боп келе жатқан бөбектерін қызықтауда. Бірі күліп, бірі жылап, бірі тәтті ұйқыда жатқан кіп-кішкентай үш сәбиді көргенде біз де қуандық. Міне, ұрпақ - өмір жалғасы деген осы! Бірі жетсе, бірі жетпей қолбайлау болып жататын дөңгеленген дүниенің мәні де, сәні де бала емес пе? Осындайда егіз, үшем, төртем дауыстарын іңгәлатқан жас отбасыларға көрсетілетін ілтипат та, сый-сияпат та артықтық етпейтіні даусыз.

*Ерекше тоқтала кететін бір жайт – Раяна, Аяна, Даяна біздің мұнайшыларымыздың отбасында дүниеге келген екінші үшемдер. Компания тарихында алғаш рет осыдан үш жыл бұрын әріптесіміз, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының 3-дәрежелі слесары Нұркелді Қыдырсиықовтың отбасында да тап осындай бесік тойы болған болатын. Енді бірер күннен соң үшке толатын Гаухар, Іңкәр, Кәусар есімді балапандары аман-есен өсіп жатыр ма екен десеңіздер, онымен де Өздеріңізді хабардар етуді ұйғардық, оқырман! 2013 жылдың 15 наурызында дүниеге келген үшемнің дендері сау, Алмат ағаларына еркелеп, шаңырақты шаттыққа толтырып, ата-анасының әр күнін базарға айналдырып өсіп жатқан жайы бар. Шаңырақ шаттығын шалқытқан үшемдеріміз әр қазақтың шаңырағында болса, несі кем?! Батаның үлкені өскейсің, өнгейсің, үбірлі-шүбірлі болғайсың емес пе!*



*Айналып Амал қайтып келеді Маңғыстауға!*

# Қасиетіңнен айналдым, бабакүлдік...

**...- Сабыр аға, Қарашаңырақ, қарақазан, көрісу, Ұран от жағу сияқты амал-әрекеттер мен дәстүр-салттарды түсіндіре кетсеңіз?..**

- «Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталығының мақсатты жұмысына негіз беретін қарапайым қағидаларға жалпы түсінік бере кетейін:

Қазақ шежіресі - Қазақ халқының жадында сақталған рулық шежіреде бүгінгі қазақ баласының барлығы, қазақ атадан өсіп-өнген бір кісінің баласы екендігі айтылады. Мәселе ұлттық шежіренің ғылыми және тарихи танымдық зерделеу тұрғысынан қаншалықты нақтылығында емес, тегін іздеп тереңдеген сайын бүгінгі барлық қазақты бір кісінің (қазақ атаның) баласы қылып шығаратын тұтастыққа негізделген - тайға таңба басқандай құрылымдық құндылығы мен сабақтастығында. Тірілер үшін керек кемеңгер жүйе. Тегін білген қазақтың - бәрі туыс!

Қарашаңырақ - ұлы, негізгі, киелі, байырғы, мұрагер, бас шаңырақ деген ұғымдарды береді (т.с.с). Ұлттық салт-санада қарашаңырақ ұғымы өте әділ шешімін тапқан. Мысалы: бір әкенің үш ұлы бар делік. Күндердің күнінде үлкен екі ұлын үйлендіріп, жеке отау тігіп бөлек шығарады. Ал кенже ұлы әке-шешенің қолында, қарашаңырақта немесе бас шаңырақта қалады. Негізгі мұрагер кенже ұл болады. Атадан, әкеден қалған қарашаңыраққа мұрагер болғандықтан - кенже ұлдың жасы кіші болса да, жолы үлкен болады. Ұлдың кенжелігін қарашаңыраққа берілген жол мен аманат толтырып, еселеп, теңестіріп тұрады. Сол шаңырақтан отау тігіп бөлек шыққан ұлдары мен қыздары сәлем беріп, төркіндеп, амал айында көрісіп ата-ананың бар кезінде де, жоқ кезінде бірінші қарашаңыраққа келетін болады. Бұл ата-бабасына және ұшқан ұясына деген құрмет. Туыстықты, қандастықты, бауырластықты баянды ету. Ұлттық тұрғыдан қарайтын болсақ:

Атамекенге, ата дәстүрге, ата-салтқа, баба-тарихқа деген құрмет. Ортақ ұлттық қағиданы мойындап, әрбір әрекетімізді бауырластық пен туыстыққа икемдеу.

Қарашаңырақтың қарақазаны. Қазақтың Қарашаңырағы - Маңғыстау. Елдің Қарақазаны - сол бірлік пен берекенің, құт пен құлпырған жасампаздықтың рухани және заттық бейнесі мен тұғыры. Қазан Түркістандағы Ясауи мазарында да бар. Бірақ ол Исламдық тұтастыққа үндейтін рухани мұрамыз. Ал Отпан таудағы қарашаңырақтың қарақазаны - ұлттық, тектік рухани мұрамыз. «Амал» мерекесінің 13-і мен 14-інде Отпан тауға жиналып, Қазақтың Үш жүзінен шақырылған ақсақалдары мен азаматтары сол ортақ Қарашаңырақтың қарақазанынан дәм татса, жылма-жыл жаңғыртып үрдіске айналдырса, ұлтымызға ұлағатты бірлік, құт пен бақ, береке мен ырыс келеді.

**Дәм тату** – Қазақтың: «бір күн дәмге - қырық жыл сәлем» дейтіні бар. «Дәм аттаған оңбас» деп жататын да сол қазақ. Қазақтың үйге келген қонаққа: «наннан ауыз ти, ағарғаннан ауыз ти…» деп қиыла қарағаны - «барымды бөлісіп, бауыр болғым келеді» дегені ғой. Осы ақ-адал дәстүрді ұлттың ішкі бірлігіне пайдалансаң жаман ба...

**Қарашаңыраққа көрісіп келу дәстүрі.** Көрісу - жүздесу. Жүздесу - танысу, білісу, достасу, сырласу, мұңдасу, түсінісу, сену, қанағаттану. Ойлап қараңыз: түсінісу, сену, қанағаттану - адамдарды барлық жақсылыққа бастайтын рухтың тәңірлік нәрі емес пе!.. Маңғыстау халқы амал айының (наурыз) он үшінен он төртіне қараған жұлдызында, өз әулетінің қарашаңырағынан бастап, ел ақсақалдарына, жас-үлкендерге, ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарға жол-жоралғысымен көрісіп шығады. Осы



салт-дәстүрді жалпы ұлтымыздың ішкі тұтастығын нығайтуға пайдаланып жылма-жыл үрдіске айналдырсақ деймін. Араласпаса ағайын жат болады. Отпан тау жер жүзіндегі қазақтардың жылына бір рет Көрісе келіп дидарласып, туыстық, қандастық махаббатына нәр алатын жері болады.

**Бата беру.** Бата - Алланың тарапынан нұрланып, сәулеленіп рухани күш-қуатқа ие болған шын алғыс пен тілек. Жеке тұлғаның және көпшіліктің жалқы мен жалпыға бағытталған көңіл ілтипаты. Бата алу - Алла тарапынан рахмани және рухани күш-қуат алумен қатар, нысаналы бағытыңның шындығы мен ақиқатына қоғамдық негізде көз жеткізіп, кепілдікке ие болу. Қазақта: «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Батасыз іс - баянсыз» деген мақал-мәтелдерді мысалға алсақ та жеткілікті.

**Ат мінгізіп, шапан жабу деген де бір керемет дәстүр бар.** Ат - Ердің қанаты, шапан - Ердің қамсауы, абыройы. Ат мінгізіп, шапан жапқанда да барынша дәріптеп, бағалап, тиісті рәсімдер орындалуы керек. «Бере салу, ала салу, жаба салу, міне салу» сияқты жадағайлық пен жалпақшешейлік құнын кетіреді. Жалпы ұлттық салт-дәстүр мен өнерді көздің қарасындай сыйлау және сыйлату парыз бен қарызымыз. Ұлттық өнерге келетін болсақ, өнердің тарихын өнерпаздардан бөліп қарауға болмайды. Қоғам немқұрайлылықтан сақтануы тиіс. Ұлттың ұлттығын танытатын оның салт-дәстүрі мен өнері.

**Бірінші:** Отпан тау - Қаратаудың ең биік шыңдарының бірі. Сол биік шыңды халықтың сыртқы жаудан қорғанатын тұғырына айналдырып, бабаларымыз жау келген жағдайда «ҰРАН-ОТ» жаққан. Бірақ бұл - мәселенің бір жағы. Оның үстіне кейбіреулер: «Бейбіт заманда ұран оттың қажеті қанша» деген сөзді алдыға тартып, жоққа шығарғысы келеді. Бейбітшілікке шақыру - аяушылыққа шақыру емес. Тең тұрып сөйлесе алатындай дәрежеге жетіп, теріс пиғылдарға жол бермеу.

**Екінші:** ҰРАН - ойлануға, белгілі бір іс-әрекетке дер кезінде мән беруге, аса маңызды шаралар мен шаруаларды айшықтап көрсетуге шақыру, көпшілікті қоғамдағы ең бір өзекті мәселеге қарай жұмылдыру, үндеу. Мысалы, имандылыққа, білімге, бірлікке, еңбекке, ерлікке, елдікке, отаншылдыққа шақыру, Елбасының үндеулері, жақсылық пен жасампаздыққа бастау, жұмылдыру, бейімдеу, бағыттау, қанаттандыру, қамқорлау, алдын-ала сезіндіру, бекіту, бекемдеу, тұрақтандыру және баянды ету, армандау мен үміт ету, жалқы мен жалпыны, ой мен істі, ұрпақ сабақтастығын дәнекерлеудің негізінде «Ұран салу, бастама көтеру, белсенділікке итермелеу... т.с.с.» ұғымдар жатқан жоқ па?!.. Демек, «ҰРАН салудың» барлығын бірдей жаугершілік пен жамандықтың шылауына байлап беруге болмайды.

**Үшінші:** ОТ - жарық, сәуле, жылу, қозғалыс және өнеркәсіп пен өндірістік мәдениеттің күш-қуаты. От - Күннің жарығы, айдың сәулесі. Күн - тіршіліктің көзі. Шырақ жағып, май түтету, от жағып аластау да бабалардан қалған дәстүр. Қазақта: «Жалынды жастық», «Сәулелі ғұмыр», «Отты жүрек», «Қазаныңнан ырыс, ошағыңнан от кетпесін..», «Көзінде от бар екен...», «Жанартаудай лапылдап, жасындай жарқылдап...» деген сияқты мақал-мәтелдер, сөз тіркестері көп емес пе?!.. Демек, «от» деген сөзден теріс айналудың қажеті қанша?.. Міне, осы айтылғандарды ойға түйіп, Отпан Тауда жыл басы «Амал» мерекесінде ҰРАН-ОТ (ұран от) жақсақ: жарқын болашақ, сәулелі ғұмыр, жасампаз еңбек, жалынды намыс және белсенген бірлік пен берекетке, ұлттың тұтастыққа шақыру деген сөз болып шықпай ма!?.. Мерекенің сәні, мерейлі тірлігіміздің мәні және шалқыған көңіліміз бен ұлттық күш-қуат жігеріміздің лапылдаған көрінісі болмай ма?!.. Езіліп, еңкейе бергенде не ұтамыз!?.

**Сабыр Адай,**
**«Mangi El» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналына сұхбатынан үзінді №2 (10) 03-04 2015**